

2023–2024 оку жылында мектептегі психологиялық қызметті ұйымдастыруда атқарылған жұмыстары

2023 – 2024 оку жылында мектептегі психологиялық қызметтің жылдық жоспары, бүйректер шығарылыш, лауазымдық міндеттері дайындалды. Оқушылардың психологиялық картасы жинақталды.

Мектепте психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру тұлғаның жас және анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып:

I- саты: Бастауыш буынмен (6-9 жастағы топтармен) 1-4 сыныптармен

II- саты: Орта буынмен (10-14 жастағы топтармен) 5-8 сыныптармен

III- саты : Жоғарғы буынмен(15-17 жастағы топтармен) 9-11 сыныптармен жұмыстар жүргізеді. Мектепте психологиялық қызмет орталығы психодиагностика, психопрофилактика, психокоррекция, психоконсультация және психологиялық ағарту бағыттары бойынша оқушылармен, мұғалімдермен және ата-аналармен жұмыс жасайды.

Қыркүйек айында «Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» тақырыбында 1- сынып ата-аналарына түсіндірме жұмыстары жүргізілді және «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында 5-11 сынып ата аналарына ата аналар жиналысы жасалынып, жаднама таратылды. Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабактарына 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарынан рұқсат алынды, қарсы болған ата-ана жоқ. Биылғы оку жылында жаңадан қабылданған 1-сынып оқушыларының мектепке дайындығын диагностикалау мақсатында Керн Иерасек тесті алынды, нәтижесі өндөліп шығарылды. Жоспар бойынша әр тоқсан сайын бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімдеу мақсатында «Кел танысайық», «Алақай мен оқушымын», «Біздің сынып-бұл біз» тақырыптарында тренингтер жүргізілді. Ал, 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін дамыту мақсатында «Бірінші рет 5 сыныпқа» , «Мен өзімді мақтай аламын» атты тренингтері ұйымдастырылды. 11-сынып оқушыларымен ҰБТ алдында және мектеп бітірушілердің психологиялық дайындық дағдыларын қалыптастыру, емтихан кезіндегі өзіне сенімділіктерін жоғарылату мақсатында тренингтер жүргізілді. Жоспар бойынша бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық сүйемелдеу жұмыстары Дж.Морено. «Социометрия» әдістемесі алынды, сыныптың белсенді оқушысы анықталды, «Менің сыныбым» проектівті әдістемесі алынды нәтижесі қорытындыланды. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» тақырыбында өткізілген мектепішлік ата-аналар жиналысында мектептің психологиялық қызметі ата-аналарға «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жолдары» тақырыбында топтық кеңес жүргізіп, ақпарат берді. «Баланың психикалық түрғыдан сау болуы, оның толыққанды сау болуының кепілі. Өз балаңыздың бойынан қандай да бір өзгеріс байқаған жағдайда және қандай өзгерістер пайда болатындығы» жайлы түсіндіріліп, осындай жағдай орын алса, мектептің психологиялық қызметіне хабарлама беру туралы ескертілді. Мектеп оқушыларының психикалық саулығынсақтау және нығайту жолында бірлесе жұмыс жасағанда ғана балалардың өмірінің қауіпсіздігін сақтауға болатындығы айтылды.

Сонымен қатар, отбасы тәрбиесінің құндылығын, бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекшелігін ұғындыру, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Ата – ана, балаңыздың қайда, кіммен жүргенін білесіз бе?» атты тренинг жүргізілді.


Мектеп оқушыларының психикалық саулығын анықтау мақсатында 5-11 сыныптардан эссе жұмысы алынды. 5-сынып оқушыларына «Өзінді мақта», 6 сынып оқушыларына «Менің армандарым», 7 сыныптан «Менің өмірім» ,8 сыныпқа «Менің айтылмаған сырларым», 9 сынып оқушыларына «Мен өзгерктім келеді» , 10 сыныпқа «Мен таңдаған өмір», 11 сынып оқушыларына «Болашаққа хат» тақырыптарында эссе алынды, нәтижесі шығарылды. Нәтижесінде ерекше бақылауға алынатын оқушылар анықталмады. Сонымен қатар , 5-11 сынып оқушыларынан сауалнамалар алынды. 5-6 сынып оқушыларынан «НСВ-10» тесті, 7-11 сынып оқушыларынан «DASS шкаласы» сауалнамасы алынды. Сауалнама қорытындысымен

окушыларды сұхбатқа шақырып, кеңестер берілді. Сауалнамадан анықталған окушыларды мектепшілік бақылауға есепке алынды.

7-9-сынып окушыларына «Стрессен қалай күресуге болады?» тақырыбында кеңестер берілді. Мақсаты: Окушылардың мінез-құлық эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу-танымдық қабілеттерін арттыру, стрестен арылу жолдарын үйрету, және қорқыныш пен іштей қинаған сезімдерден құтылуға, адаптуацияға болуға психологиялық көмек көрсете отырып, өзін-өзі реттеуін, өзі-өзі бақылауға дағдыландыруын және сенімділгін арттыруын жүзеге асыру.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын құру, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін күшейту, мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын, бала тәрбиесіндегі он мәдениетті дамыту керектігін түсіндіру мақсатында ата-аналар жиналыстарын және жоспар бойынша психологиялық тренингтер өткізілді. Кибербуллинг және буллинг дегеніміз не? Оның алдын алу жолдары. Ерте жүктіліктің алдын-алуға және зорлық – зомыльқтың алдын алу және болдырмау тақырыптарында 8-11 сынып окушыларына мектеп психологы, мектеп мейіркеші және қыздар төрайымымен бірігіп түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 9-11 сыныптармен окушылармен кәсіптік бағдар беру барысында «Д.Голландтың қәсіби тұлғалық типін анықтау тестісі және голомшток әдістемесі алынып, нәтижесі қорытындыланып, Барлығы 16 окушы қатысып, нәтиже қорытындыларымен сынып жетекшісі және окушылар хабардар етілді. Жоспар бойынша 2024 жылдың 26.02-01.03 аралығында «Психология – ғажайып әлем» тақырыбында мектеп психологы, дефектологы және әлеуметтік педагогтарының апталығы өткізілді. Апталықтың соңғы күні окушыларға апта бойы жүргізілген ойындар мен тренингке белсенді түрде қатысқан окушылар марапатталды.

Жоспар бойынша 5-11 сынып окушыларынан наурыз айында окушылардың психикалық саулығын тексеру мақсатында сауалнама алдынды. 5-6 сынып окушыларынан «НСВ-10» тесті, 7-11 сынып окушыларынан «DASS шкаласы» сауалнамасы алдынды. Сауалнама қорытындысымен окушыларды сұхбатқа шақырып, кеңестер берілді. Осы сауалнамадан анықталған окушыларды мектепшілік бақылауға есепке алдынды. Жоспарға сәйкес 8 сынып окушыларымен жанжал жағдайларында мінез – құлықтың сындарлы амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен достарымен зорлық-зомбылықсыз өзара қарым-қатынас жасау мақсатында «Пікірталас-жанжал емес», ал 6 сынып окушыларымен «Ашу-ыза билегенде», 5 сынып окушыларымен «Мен өзімді мақтай аламын» тақырыптарында психологиялық түзету-дамыту сабактары жүргізілді. Тренинг барысында түрлі жаттығулар жүргізе отырып, суицидтің алдын алуға байланысты кеңестер мен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Окушылар сабакқа белсенділікпен қатысты. Әр айда жыл басында жоспарланған жоспарға сай «диагностикалық-коррекциялық топпен, үйден оқитын окушымен, ҰБТ –ге психологиялық дайындық және жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу бағыттарындағы жұмыстар жүргізіліп отырды. 11-сынып окушыларына емтихан алдындағы окушылардың қобалжу сезімін басып, бойына сенімділік беру мақсатында «Бәрі сенің қолында» тренингі жүргізілді. Окушылармен сергіту сәті ретінде шаттық шенберіне тұрып, «Кім» жаттығуы жүргізілді. Балалардың қорқыныштарын, үрейлерін басу мақсатында «Баспалдақ» жаттығуы, «Бәрі сенің қолында» жаттығуы жүргізіліп, тілек сандықшасына өз тілектері жазылған парапашалар салынды. Сонымен қатар ата-аналар мен мұғалімдер тарапынан түскен сұраныс бойынша жұмыстар, жеке окушылар, мұғалімдер және ата-аналарға кеңес беру уақытында жүргізілді. Жүргізілген сауалнама, тренинг, әңгімелесулер, тест жұмыстары, түзете-дамыту сабактары, кеңес беру жұмыстарына сараптама жасалып, хаттама толтырылды және журналдарға тіркелді.

Педагог-психолог:  I.Әлімжанова